

## ҚАЗАҚСТАН ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ БАНКІСІ (ҚИБ) ТУРАЛЫ

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 29 қазан N 1083. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.05.30. N 754 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының экономикасын жеделдете дамуға жәрдемдесу, халықаралық банк қызметін қамтамасыз ету және шетелдік инвестицияларды тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан интернационалдық банкісін (ҚИБ) құру туралы 1993 жылғы 23 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Чейз Манхаттан Банк, Н.А ." компаниясы арасында жасалған келісім мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан интернационалдық банкісінің жарғылық қорындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 50 проценттік үлесі есебіне Республикалық валюта қорынан 1500 мың АҚШ долларын бөліп, оны Банктің валюталық есепшотына аударсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан интернационалдық банкісін орналастыру үшін көлемі 2 мың шаршы метрге жуық қызметтік үй-жай беретін болсын.

4. Алматы қаласының әкімі, Алматы қаласының Сәулет-жобалау бас басқармасы Қазақстан интернационалдық банкісі мен оның қосалқы қызметтерінің негізгі үйін салуға Алматы қаласында көлемі 1-2 гектар жер учаскесін бөлсін.

Банк қызметкерлерін - шет ел азаматтарын орналастыру үшін Қазақстан интернационалдық банкісіне 10 үш бөлмелі пәтер сатып алуына көмек көрсетсін.

5. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі 30 абонент нөміріне жалпы қалалық телефон байланысы арнасын, 4 қалааралық телебайланыс желісін , 2 үкіметтік АТС нөмірін бөлетін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасы Қазақстан интернационалдық банкісінің басшы қызметкерлері - АҚШ азаматтарының тұруы үшін үкіметтік резиденциялардың бірінен 2 коттедж берсін.

7. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан интернационалдық банкісін күзетуді ұйымдастыруда, Банктің ішкі күзет

адамдары мен басшы қызметкерлерінің қару алып жүруіне рұқсат беруде көмек көрсетсін.

8. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан интернационалдық банкісінің қызметкерлеріне көпмәртелік және ұзақ мерзімдік виза беруде жәрдемдесіп отырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК